



Е Р Е Ж Е

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ



Бекітемін
Басқарма Төраға - Ректордың м.а.,
басқарма мүшесі-академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
О. Андрющенко
05.08. 2025 ж.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Павлодар қ.

Алғы сөз

Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен **әзірленді және енгізілді.**

Жұмыс тобының жетекшісі – А.А. Жакиенова

Әзірлеушілер: Абдрахманова Д.К., Акимбаева З.Б., Исакова Г.С., Жуманова К.С.,
Уразбаева Г.А.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Академиялық кеңестің мақсаты мен міндеттері	4
3	Академиялық кеңестің функциялары	5
4	Академиялық кеңестің өкілеттіктері	6
5	Академиялық кеңестің құрамы және қалыптастыру тәртібі	7
6	Академиялық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	8
7	Жауапкершілік	8

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Академиялық кеңесінің (бұдан әрі – АК) мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, қалыптастыру тәртібін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

1.2. АК Университетті басқарудың алқалы органы болып табылады және Қазақстан Республикасы ҒЖБМ-ның 01.04.2025 ж. №157 бұйрығымен бекітілген ЖЖОКБҰ-дағы басқарудың алқалы органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен құрылады.

1.3. АК өз қызметінде:

- Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңын;
- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін;
- Университет Жарғысын;
- Университеттің Академиялық саясатын;
- осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. АК қызметі мына қағидаттарға негізделеді:

- алқалылық;
- ашықтық және есептілік;
- академиялық еркіндік;
- профессор-оқытушы құрамы, білім алушылар және жұмыс берушілердің академиялық үдерістерді басқаруға қатысуы.

1.5. АК шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ұсынымдық сипатта болады.

1.6. АК білім алушылардың, профессор-оқытушы құрамы мен Университет қызметкерлерінің мүддесі үшін әрекет етеді.

2. Академиялық кеңестің мақсаты мен міндеттері

2.1. АК қызметінің мақсаты

Университеттің академиялық қызметін тиімді, ашық және стратегиялық бағдарланған басқаруды, білім беру бағдарламаларын және білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесін дамыту мен жетілдіруді қамтамасыз ету.

2.2. Негізгі міндеттері

2.2.1. Университеттің академиялық қызметінің негізгі мәселелері бойынша қарау және шешім қабылдау.

2.2.2. Білім беру бағдарламаларының сапасын және олардың МЖМС-қа, Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға, Университеттің даму стратегиясының басымдықтарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

2.2.3. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің дамуына жәрдемдесу, олардың білім беру үдерісімен интеграциясын қамтамасыз ету.

2.2.4. Инклюзивті білім беруді, дуальды оқытуды, академиялық ұтқырлықты іске асыруға жәрдемдесу.

2.2.5. Білім беру сапасын, академиялық адалдықты қамтамасыз ету және әдеп нормаларын қамтамасыз ете отырып жасанды интеллект технологияларын қолдануды регламенттеуді қоса алғанда Университеттің академиялық қызмет бөлігіндегі цифрландыру саясатын қалыптастыру және сүйемелдеу.

2.2.6. Тәрбие жұмысының, жалпыұлттық және корпоративтік құндылықтардың, академиялық мәдениеттің дамуына жәрдемдесу.

2.2.7. Академиялық саясатты және ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және жетілдіру.

2.2.8. Білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру.

2.2.9. Алқалы органдар шешімдерінің іске асырылуын талдау және түзету шараларын қабылдай отырып қол жеткізілген нәтижелерді бағалау.

3. Академиялық кеңестің функциялары

3.1. Сараптамалық-талдамалық функция. Академиялық кеңес Университеттің академиялық қызметінің мәселелерін, оның ішінде білім беру бағдарламаларының сапасын, ішкі сапаны қамтамасыз ету нәтижелерін, академиялық үдерістер мен бастамалардың тиімділігін сараптамалық қарауды және талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастырады.

3.2. Нормативтік-әдістемелік (регламенттеуші) функция. Академиялық кеңес академиялық қызметті реттейтін Академиялық саясатты және өзге де ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуге, талқылауға және жетілдіруге, сондай-ақ оларды заңнама талаптарына, МЖМС-қа және Университеттің стратегиялық басымдықтарына сәйкес өзектендіру бойынша ұсыныстар дайындауға қатысады.

3.3. Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету функциясы. Академиялық кеңес білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету, олардың ұлттық және кәсіби талаптарға сәйкестігі мәселелерін қарайды, сапа мониторингі нәтижелерін талдайды және түзету шаралары мен жақсарту бойынша ұсыныстар қалыптастырады.

3.4. Үйлестіру функциясы. Академиялық кеңес білім беру бағдарламалары мен академиялық үдерістерді іске асыру кезінде Университеттің құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға жәрдемдеседі, ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін шешімдер мен әрекеттердің келісімділігін қамтамасыз етеді.

3.5. Инновациялық-дамыту функциясы. Академиялық кеңес білім беру үдерісіне инновацияларды енгізуге жәрдемдеседі, ғылыми-зерттеу және

инновациялық қызметті дамыту бастамаларын және олардың білім беру үдерісімен интеграциясын қолдайды.

3.6. Басым академиялық бағыттарды қолдау функциясы. Академиялық кеңес инклюзивті білім беруді, дуальды оқытуды, академиялық ұтқырлықты, сондай-ақ білімнің қолжетімділігі мен сапасын дамытуға байланысты өзге де басым бағыттарды дамыту мәселелерін қарайды және қолдайды.

3.7. Академиялық қызметті цифрлық трансформациялау функциясы. Академиялық кеңес академиялық қызмет бөлігіндегі цифрландыру саясатын қалыптастыруға және сүйемелдеуге, соның ішінде цифрлық технологияларды және жасанды интеллект технологияларын қолдануды білім сапасын, академиялық адалдықты қамтамасыз ету және этикалық нормаларды сақтау талаптарымен регламенттеу бойынша ұсыныстар енгізуге жәрдемдеседі.

3.8. Академиялық мәдениет пен құндылықтарды дамыту функциясы. Академиялық кеңес тәрбие жұмысының, жалпыұлттық және корпоративтік құндылықтардың дамуына жәрдемдеседі, Университетте академиялық мәдениет пен академиялық адалдықты нығайтуды қолдайды.

3.9. Мониторингтік функция (шешімдердің орындалуын бақылау). Академиялық кеңес алқалы органдар шешімдерінің орындалуын талдайды, қол жеткізілген нәтижелерді бағалайды және қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдайды (бастамашылық етеді).

4. Академиялық кеңестің өкілеттіктері

4.1. Академиялық кеңес:

- 4.1.1. Университеттің академиялық қызметіне қатысты мәселелерді;
- 4.1.2. Білім беру бағдарламаларының сапасы және білім сапасын ішкі қамтамасыз ету мәселелерін;
- 4.1.3. Академиялық саясаттың және академиялық қызмет бойынша ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын;
- 4.1.4. Академиялық қызметті цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселелерін;
- 4.1.5. Білім беру үдерісіндегі ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту мәселелерін;
- 4.1.6. Инклюзивті білім беру, дуальды оқыту және академиялық ұтқырлықты іске асыру мәселелерін;
- 4.1.7. Тәрбие жұмысы мен академиялық мәдениетті дамыту мәселелерін;
- 4.1.8. Білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша құрылымдық бөлімшелер қызметін үйлестіру мәселелерін;
- 4.1.9. Академиялық саладағы алқалы органдар шешімдерінің орындалуы туралы есептерді **қарайды.**

4.2. Академиялық кеңес:

- 4.2.1. Білім беру бағдарламаларын жетілдіру шараларын;
- 4.2.2. Академиялық рәсімдерді жетілдіру шараларын;
- 4.2.3. Білім сапасын ішкі қамтамасыз ету қорытындылары бойынша түзету шараларын;
- 4.2.4. Академиялық саясатқа және академиялық қызмет бойынша ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды;
- 4.2.5. Академиялық қызметті цифрландыруды жетілдіру және академиялық қызметте жасанды интеллект технологияларын қолдануды регламенттеу шараларын ұсынады.

4.3. Академиялық кеңес:

- 4.3.1. Құзыреті шегінде академиялық қызмет мәселелерін қарауды бастамашылық етуге;
- 4.3.2. Құзыреті шегінде күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар мен ақпаратты сұратуға;
- 4.3.3. Лауазымды тұлғалардың және құрылымдық бөлімше басшыларының ақпараттары мен есептерін тыңдауға;
- 4.3.4. Академиялық қызмет мәселелері бойынша жұмыс топтарын құруға;
- 4.3.5. Қорытындылар мен ұсыныстар дайындау үшін сарапшыларды тартуға құқылы.

5. Академиялық кеңестің құрамы және қалыптастыру тәртібі

5.1. Академиялық кеңес Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен құрылады. АК-ның дербес құрамы құрылымдық бөлімшелердің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады және аталған бұйрықпен бекітіледі. Ротация және алмастыру мүмкіндігімен Академиялық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі 1 жылды құрайды.

5.2. Академиялық кеңес құрамына мыналар кіреді:

- Университеттің Басқарма Төрағасы –Ректор немесе ол уәкілеттік берген тұлға;
- проректорлар;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- профессор-оқытушы құрамының өкілдері;
- білім алушылар өкілдері;
- жұмыс берушілер және қоғамдық ұйымдар өкілдері (қажет болған жағдайда).

5.3. Академиялық кеңес құрамы кемінде жеті адамнан тұруы тиіс.

5.4. Төраға және төраға орынбасары Академиялық кеңес мүшелері арасынан көпшілік дауыспен сайланады.

5.5. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын төраға орынбасары атқарады.

5.6. Хатшы Академиялық кеңесмен сайланады және іс жүргізуді, материалдарды және хаттамаларды дайындауды қамтамасыз етеді.

6. Академиялық кеңестің жұмысын ұйымдастыру

6.1. Академиялық кеңес қызметін оқу жылына арналған бекітілген жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Жоспар Университеттің ресми сайтында орналастырылады.

6.2. Отырыстар жоспарға сәйкес және қажеттілігіне қарай өткізіледі.

6.3. Отырыс кворум болған жағдайда (құрамның кемінде жартысы немесе жергілікті актілермен өзгеше белгіленген жағдайда) заңды болып есептеледі.

6.4. Академиялық кеңес шешімі қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Қабылданған шешім (ұсыным) 5 жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыларға жіберіледі. Шешімде жауапты(лар) және орындалу мерзімі көрсетіледі; орындалу барысы мен нәтижелері туралы ақпарат АК-ның кезекті отырысында қарауға шығарылады.

6.5. АК Академиялық кеңес мүшесі мүдделер қақтығысы болған жағдайда өзін-өзі шеттету туралы мәлімдейді және тиісті мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды.

6.6. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

6.7. Отырыстың хаттамасын хатшы отырыстан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасайды, оған төраға, хатшы және дауыс беруге қатысқан мүшелер қол қояды, не болмаса хаттамаға қол қойылған қатысу парағы қоса беріледі.

6.8. Отырыстардың хаттамалары белгіленген тәртіппен рәсімделеді және сақталады. Университеттің ресми сайтында Қазақстан Республикасының ақпаратты қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып және дербес деректерді әрі өзге де шектеулі қолжетімді ақпаратты жарияламай, Академиялық кеңес шешімдері (хаттамалардан үзінділер) орналастырылады.

7. Жауапкершілік

7.1. Академиялық кеңес төрағасы мен мүшелері:

- қабылданатын шешімдердің заңдылығы;
- материалдарды уақытылы дайындау;
- шығарлатын мәселелер бойынша сараптаманың сапасы үшін жауаптылықта болады.

7.2. Академиялық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды Академиялық кеңестің төрағасы жүзеге асырады.